

«№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ бойынша

Қамқоршылық кеңесі отырысының

ХАТТАМАСЫ №4

Ақтөбе қаласы
жыл.

04.06. 2024жыл.

Катысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп директоры А.Кисикова, оқушылар комитеті, мұғалімдер, мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепішілік үйірме жұмыстарының ұйымдастырылу деңгейі
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Таяуова.
2. Мектептің материалдық – техникалық базасын дамыту үшін берілген заттар мен қаражаттың білім беру мекемесінің пайдалануы туралы есебі.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы А.Жоламанова кеңестің мүшелерін таныстыруды. Күн тәртібі бойынша мәселелерге хабарлама жасап өтті.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары С. Таяуова: Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепішілік үйірме жұмыстарының ұйымдастырылу деңгейі туралы айтып өтті(слайд) Спорттық секциялар мен үйірмелер жұмысы 2023-2024 оку жылында мектебімізде білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдаланау мақсатында 10 спорттық үйірмелері және ақысыз 7 үйірме мен 8 клубтар жұмыс жасайды (үйірме секция кестесі тіркелді). Бұл үйірмелерге, секцияларға 1-11 сыныптарының (1,2 ауысым) балалары қатысады. Сабак формасы - топтық. Спорт секцияларына 530 оқушы, қызығушылықтары бойынша үйірмелерге 534 оқушы қатысады. Барлығы 1064 оқушы түрлі секциялар мен үйірмелермен қамтылды, 234 оқушы 2-3 үйірмеге қатысады, оқушылардың спорт секцияларымен, үйірмелермен қамтылуы оқушылардың жалпы санының 100 %-н құрады. Үйірмелердің оку жоспары, секциялардың барлық бағыттары бойынша оку бағдарламалары бар. Секциялардағы сабактардың ұзақтығы 2 академиялық сағат (90 минут), үйірмелердің, роботехника мен дебат клубы сағаттарының ұзақтығы - 45 минут. Қосымша білім беру педагогтары түрлі іс-шаралар өткізді: үзілістерде асық ату, қыздар арасында бес асық, тоғыз құмалақ, шахмат ойындары ұйымдастырылды және көптеген іс-шаралар өткізілді.

2. Екінші мәселе бойынша :- Мектептің материалдық – техникалық базасын дамыту үшін берілген заттар мен қаражаттың білім беру мекемесінің пайдалануы туралы есебі берілді. Негізгі қордағы тауарларға 7215000 тг(жеті миллион екі жуз он бес мың) бөлінді, оның 6007434 тг(алты миллион жеті мың төрт жуз отыз төрт) қаражат жұмсалды, 1 207 566 тг(бір миллион екі жуз жеті мың бес жуз алпыс алты) қалды. Негізгі құралдарға 18 933 000 тг (он сегіз миллион тоғыз жуз отыз үш мың) бөлінген, 14469225,32 тг(он төрт миллион төрт жуз алпыс тоғыз мың екі жуз жиырма бес теңге 32 тиын) жұмсалды, 4


463 775тг (төрт миллион төрт жүз алпыс үш мың жеті жүз жетпіс бес) қалды. Жасалған жұмыстарға 18 169 000тг (он сегіз миллион жүз алпыс тоғыз мың) бөлінген, 14281346 тг (он төрт миллион екі жүз сексен бір мың үш жүз қырық алты) жұмсалған, 3 887 654тг (үш миллион сегіз жүз сексен жеті мың алты жүз елу төрт) қалды.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі А.Акбаева:- Мектеп басшысына және мектеп ұжымына алғысымды білдіремін. Мектептің дамына өз үлесімді қосып отыратын боламын.

Сөйлеушілер: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері Г. Абдрахманова, А.Курманова, А.Тоқтагулов, директордың оку –тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Уразалин

Қаулы:

1. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепішілік үйірме жұмыстарының үйымдастырылу деңгейі бойынша белсенділікпен жұмыс жасау міндеттелсін.
2. Мектептің материалдық – техникалық базасын дамыту үшін берілген заттар мен қаражаттың білім беру мекемесінің пайдалануы туралы есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  А.Жолмаханова

Хатшы:



С. Елеусизова